

**Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім
бөлімінің «Айлин» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

Педагогикалық кеңестің

Хаттамасы № 1

04.09.2023 жыл

Қатысқандар – бөбекжай бақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау
2. 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың мазмұнын талқылау;
3. Бөбекжай-бақшаның жұмысының жылдық жоспарын бекіту
4. Жаңа нормативтік – құжаттарымен танысып, талқылау
5. Аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспарын бекіту
6. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру
7. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Б. Сеилова Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітіп, хатшы сайлау керектігі туралы айтып, 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хаттың мазмұнын педагогтармен бірге талқыланды. Бөбекжай-бақшаның жылдық жоспары педагогтарға таныстырылып, жұмыс барысында осы жоспардың жүргізілуіне барлығымыз бірге атсалысайық деп өз сөзін аяқтады. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Ж. Нурдилдаева сөз алып жаңа нормативтік-құжаттардың қысқаша мазмұнымен таныстырып, педагогтарға 21 нормативтік құқықтық құжаттармен жұмыс жасау қажеттілігі айтылып, педагогтарды аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспарын бекіту қажет екенін айтты. Әдіскер әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру керектігін айтты. Күн тәртібіндегі қаралатын кезекті мәселе бойынша, меңгеруші Б. Сеилова жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту қажет екенін айтып өз сөзін аяқтады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітіліп, хатшы сайлансын

2. 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатты негізге алып жұмыс жасалсын.
3. Бөбекжай-бақшаның жұмысының жылдық жоспары бекітілсін.
4. Жаңа нормативтік – құжаттар негізге алынып жұмыс жасалсын
5. Аттестаттау комиссиясы құрылып, жоспары бекітілсін
6. Әр топта балаларға жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасы құрылсын
7. Жас мамандарға тәлімгер бекітілсін

Меңгеруші
Хатшы



Б. Сеилова
Ж. Нурдилдаева

**Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім
бөлімінің «Айлин» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

Педагогикалық кеңестің

Хаттамасы № 2

01.11.2023 жыл

Қатысқандар – бөбекжай бақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. № 1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Б. Сеилова сөз алып, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің жақсы деңгейде орындалғаны жөнінде айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері Ж. Нурдилдаева сөз алды. Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдай туғызу денсаулықты сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайтатын, ағзаны шынықтыратын іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету керектігін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеші С. Сугралиева «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Балалардың өмірін қорғауға және денсаулықты нығайтуға, ағзаның үйлесімді психофизикалық дамуы үшін жас ерекшеліктеріне қарай жағдай жасалсын.

Меңгеруші

Хатшы



Б. Сеилова

Ж. Нурдилдаева

Түркістан облысының білім басқармасының Шардара ауданының білім
бөлімінің «Айлин» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

Педагогикалық кеңестің

Хаттамасы № 3

03.01.2024 жыл

Қатысқандар – бөбекжай бақша педагогтары

Күн тәртібінде

1. № 2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игертудің жолдары» (кеңес)
4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі Б. Сеилова сөз алып, өткен педагогикалық кеңестің шешімдерінің өз дәрежесінде өткендігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші А. Мұсабекова «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Ж. Нурдилдаева сөз алып «Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдыларды игертудің жолдары» тақырыбында бөбекжай-бақша педагогтарымен кеңесті.

Күн тәртібіндегі қаралатын төртінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша педагог-психолог А. Абдраймова сөз алды. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингіті әр топ жас ерекшелігіне қарай мұқият толтырылуы қажет екендігін айтып өз сөзін аяқтады.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізілсін.

2. Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылары игерту қолға алынсын.
3. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша барлық топ тәрбиеленушілеріне аралық даму мониторингі жасалсын.

Меңгеруші
Хатшы



Б. Сеилова
Ж. Нурдилдаева